

Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 13 тамыздағы N 766

"Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге арналған келісім-шарттарды жасасудың тәртібі туралы және Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 484 P980484 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алтын-Арқа" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің Шығыс Қазақстан облысындағы Жерек кен орнын игеруге 1997 жылғы 28 мамырдағы МГ сериясы N 107 Д Лицензиясымен берілген кен қойнауын пайдалану құқығын кепіл ретінде "Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі" мемлекеттік кәсіпорнына беруге рұқсат етілсін.

Осы рұқсаттың қолданылу мерзімі - алты ай.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі